

Жергілікті қоғамдастық  
жиналысының хаттамасымен  
бекітілген

№ 5

«20» тамаз 2019 ЖЫЛ

**2019-2021 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН  
ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТЫ ДАМУ ТУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Талды ауылдық округі**

*(аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің атауы)*

**Панфилов ауданы, Алматы облысы**

*(аудан және облыс атауы)*

Өзірлеуші: «Панфилов ауданы  
Талды ауылдық округі  
әкімінің аппараты» МҚ



*М. Сәісенбетов*

## I. ЖАЛПЫ СИПАТТАМА

|  |  |
|--|--|
| <b>Бағдарламаның атауы</b>   | 2019-2021жылдарға арналған Алматы облысы Панфилов ауданы Талды ауылдық округі жергілікті қоғамдастығын дамыту бағдарламасы   |
| <b>Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің негізгі сипаттамалары</b> | <ul style="list-style-type: none"><li>- Талды ауылдық округі 1996 ж. құрылған, округтің орталығы Лесновка ауылы.</li><li>- 2019 жылдың 1-қаңтарына халық саны – 6004 адам</li><li>- ауылдық округтің құрамына кіретін ауылдар саны – 3, Лесновка, Еңбекші, Нағарашы ауылдары;</li><li>- жалпы жер аумағы – 15177 га;</li><li>- жергілікті қоғамдастықтың құрылған күні – 05.01.2016ж.</li><li>- сайланған мерзімі – 3 жыл;</li><li>- жергілікті қоғамдастық мүшелерінің саны- 29 адам.</li></ul> |



## II. АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ

### 2.1 2019 жылдың 1-шілдедегі Талды ауылдық округінің әлеуметтік-экономикалық дамуына талдау

2019-2021 жылдарға арналған жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламасы Талды ауылдық округі халқы мен жақын маңдағы елді мекендердің тұрғындары үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету үшін арналған.

2019 жылғы 1 қаңтардағы халық саны 6004 адамды құрайды

Ауылдық округ бойынша 362 ІШҚ, 15 жеке кәсіпкер және 1 өндірістік кооператив тіркелген.

Шаруа қожалықтары қызметінің негізгі түрі – мал және егін шаруашылығы

Бағдарлама экономикалық және коммуналдық қызметтерді ұсынуға, жұмыссыздықтың азаюына, жаңа жұмыс орындарын құруға арналған және т. б. мәселелерді қамтиды.

#### Бюджет және меншікті кіріс

2018 жылға ауылдық бюджетке меншікті кірістер жоспары 218,8%-ке орындалды, жоспарланған 3,2 млн. теңгенің орнына 7,2 млн. теңге түсті.

2018 жылға арналған шығыстар 100%-ке орындалды, жоспар бойынша 29,2 млн. теңгенің орнына 32,2 млн. теңге жұмсалды, оның ішінде салалар бойынша: жалпы мақсаттағы мемлекеттік қызметтер 21,9 млн. теңге, тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық 2,8 млн. теңге, басқасы 7,5 млн. теңге.

#### Өнеркәсіп

Өнеркәсіп саласы бойынша Жерұйық ауылында 1 күйдірілген кірпіш шығаратын цех жұмыс істеуде (жеке кәсіпкер «Курбанов Т.»). 2021 аталған объектіні қайта жабдықтау жоспарлануда.

#### Кәсіпкерлік

Округте шағын және орта кәсіпкерлік нысандарының саны – 378, оның ішінде шаруа қожалықтары – 362, өндірістік кооператив – 1, жеке кәсіпкерлер – 15, бұл нысандарда 379 адам жұмыс істейді. Округ бойынша 14 дүкен және 1 қоғамдық тамақтану орны жұмыс істейді.

#### Ауыл шаруашылығы

Округ бойынша барлық ауыл шаруашылығы жері көлемі – 63185,95 га, оның ішінде: жайылым – 60441,8 га, егістік жер – 2327,1 га, шабындық – 361,5 га, басқа – 55,55 га. Барлық егіс алқабының көлемі – 3108 га.

2018 жылы барлық мал басы саны: ірі қара – 4877 бас, оның ішінде сиыр – 2005 бас, ұсақ мал – 23400 бас, жылқы – 2462 бас, құс – 2310 бас.

2019 жылы 100 бас ірі қараға арналған 1 мал бордақылау алаңының құрылысы аяқталып, қолдануға берілді. Жыл соңына дейін 100 бас ірі қараға арналған тағы 1 мал бордақылау алаңын пайдалануға беру жоспарланып отыр.



Ауыл шаруашылығы техникасы саны – 35, оның ішінде 28 трактор, 2 комбайн және басқа техникалар саны – 5.

### **Туризм**

Ауылдық округ аумағында 1 жекеменшік шағын қонақ үй жұмыс істейді (ЖК «Нурпеисов Ж»).

2021 жылы Өсек өзені бойындағы Кардон-Арасан және Таңбалы Тас тарихи орнына туристерді қабылдау үшін туристік объекті салу жоспарлануда.

### **Сумен қамтамасыз ету**

Округті ауыз сумен қамтамасыз етуді «Панфилов су құбыры» МКК жүзеге асырады, округ ауылдары орталықтандырылған су жүйесімен қамтамасыз етілген. Округ бойынша су құбыры жүйесінің ұзындығы – 31,5 шақырым. Лесновка және Жерұйық ауылдарының тұрғындарына ауыз су жүйесі үйлеріне дейін тартылған. Еңбекші ауылының тұрғындары ауыз суды колонкадан алады. Округте 3 су жинау мұнарасы бар, оның ішінде, Еңбекші ауылындағы су жинау мұнарасы апаттық жағдайда. Округ тұрғындарын орталықтандырылған су жүйесімен 100% қамтамасыз ету үшін Еңбекші ауылында 1 су сору құдығын салып, ауылдағы су жүйесін қайта жабдықтап, 10 шақырымға ұзарту қажет.

Орталықтандырылған су жүйесіне 3 мектеп, 1 балабақша, 2 дәрігерлік амбулатория, 1 фельдшерлік пункт, 2 мәдениет үйі, 3 мешіт, 14 сауда нысаны қосылған.

### **Электр энергиясымен қамтамасыз ету**

Округтің барлық электр жүйесі 44,1 шақырымды құрайды және «ТАТЭК» АҚ балансында. Электрлік жүйенің тозуы: Жерұйық а. – 90%, Еңбекші а. – 88%, Лесновка а. – 85%. Лесновка және Еңбекші ауылдарында жаңадан салынған тұрғын үйлерді электрмен қамтамасыз ету және трансформаторлық станция салу қажет.

### **Транспорт және коммуникация**

Автомобиль жолдарының ұзындығы – 26,9 шақырым, оның ішінде қатты жабынмен – 10,3 шақырым. Округ көшелерінің тек 26,4%-ы немесе 7,1 шақырымы ғана асфальтталған.

2018 жылы Лесновка ауылының Пащенко және Арасан көшелеріне орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді, биылғы жылы Лесновка ауылының А.Қасымбеков көшесіне 2,9 млн. теңгеге ағымдық жөндеу жұмысы жүргізілуде.

2020 жылы Жерұйық ауылының Б.Момышұлы көшесіне, Еңбекші ауылының Ш.Уәлиханов көшесіне және Лесновка ауылының Ж.Алпысбаев көшесіне орташа жөндеу жұмысын жүргізу жоспарланып отыр.

Округте жалпы ұзындығы 30,2 шақырым болатын 34 көше бар, олардың ешқайсысы жарықтандырылмаған. Лесновка ауылының Пащенко көшесін жарықтандыру үшін 2,6 млн. теңгеге жобалық – сметалық құжаттары дайындалып жатыр.

## **Білім беру**

Округте 3 мектеп жұмыс істейді.

1. Лесновка ауылындағы Д.Рақышұлы атындағы орта мектеп, салынған жылы – 1970 ж., типтік ғимарат, 320 орындық. Мектепте: 75 орындық шағын орталықта 60 бала тәрбиеленуде, мектепке дейінгі дайындық тобында 50 бала тәрбиеленуде. 1-11 сыныптарда 353 оқушы оқиды. Жылыту түрі – автономды. 2018 жылы мектепке күрделі жөндеу жұмысы жүргізілді.

2. Еңбекші ауылындағы Е.Сыпатаев атындағы орта мектеп, салынған жылы – 1989 ж., типтік ғимарат, 748 орындық. Мектепте: 50 орындық шағын орталықта 50 бала тәрбиеленуде, мектепке дейінгі дайындық тобында 46 бала тәрбиеленуде. 1-11 сыныптарда 314 оқушы оқиды. Жылыту түрі – автономды. Ғимаратқа салынғаннан бері жөндеу жұмыстары жүргізілмеген. Мектепке күрделі жөндеу жұмысы қажет.

3. Жерұйық ауылындағы Нағарашы орта мектебі, салынған жылы – 1987 ж., типтік ғимарат, 624 орындық. Мектепте: 45 орындық шағын орталықта 30 бала тәрбиеленуде, мектепке дейінгі дайындық тобында 34 бала тәрбиеленуде. Жылыту түрі – орталықтандырылған. 1-11 сыныптарда 311 оқушы оқиды. 2019 жылы ғимаратқа күрделі жөндеу жүргізу үшін жобалау-сметалық құжаттары жасалып жатыр. Күрделі жөндеу жүргізу үшін қаржы бөлінуді қажет етіп отыр.

Барлық оқушылар саны – 978 оқушы.

3 мектепте 4 интерактивтік тақта орнатылған. Мектептер жаңа кабинеттермен жабдықталған: химия – 3, физика – 1, биология – 0. Бүгінгі күнге барлық мектептер интернет желісіне қосылған, компьютермен жабдыкталуы 11 оқушыға 1 компьютерді құрайды.

Округте 1 жекеменшік балабақша жұмыс істейді: «Бал-бала Алихан» балабақшасы, 50 орындық, салынған жылы – 2017 ж., 50 бала тәрбиеленуде. Балабақша ғимаратының техникалық жағдайы стандарттарға сай. Округтегі 3-6 жас аралығындағы балалар саны – 320, олардың 190-ы немесе 59,3%-ы ғана балабақшамен қамтылған.

## **Денсаулық сақтау**

Округте 2 дәрігерлік амбулатория мен 1 фельдшерлік-акушерлік пункт жұмыс істейді

1. Лесновка ауылының дәрігерлік амбулаториясы, салынған жылы – 1985ж. 2014 жылы күрделі жөндеу жүргізілді. Амбулаторияда 2 дәрігер мен 14 орта медициналық қызметкер жұмыс істейді.

2. Еңбекші ауылының дәрігерлік амбулаториясы, салынған жылы – 1970ж. 2013 жылы күрделі жөндеу жүргізілді. Амбулаторияда 1 дәрігер мен 10 орта медициналық қызметкер жұмыс істейді. Ғимарат қазіргі заманғы талаптарға сай.

3. Жерұйық ауылының фельдшерлік пункті, салынған жылы – 1983 ж. Жерұйық ауылында дәрігерлік амбулатория салынуы қажет.

2018 жылы округ бойынша 124 бала дүниеге келіп, 38 адам қайтыс болған.

Ағымдағы жылдың 6 айы ішінде 61 бала дүниеге келіп, 18 адам қайтыс болды.

## **Мәдениет және спорт**

Лесновка ауылында мәдениет үйі мен ауылдық кітапхана жұмыс істейді, салынған жылы – 1990 ж., Еңбекші ауылында мәдениет үйі мен ауылдық кітапхана жұмыс істейді, салынған жылы – 2009 ж. 2017 жылы Лесновка ауылының мәдениет үйіне ағымдық жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жерұйық ауылының мәдениет үйін күрделі жөндеуден өткізу үшін жобалау-сметалық құжаттарын жасауға 7,8 млн.теңге бөлінді.

Округтегі мектептер жанында 3 спорттық объект бар, оның ішінде 3 спорт залы және шағын спорт алаңы бар.

Округте спортпен айналысатын тұрғындар саны жыл сайын өсіп келеді, спортпен және физикалық дайындықпен тұрақты айналысатын адамдар саны – 1765 адам немесе халықтың 29,3% құрайды.

## **Жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау**

2018 жылы экономикалық белсенді тұрғындар саны – 3048 адамды құрады. Жұмыспен қамтылған тұрғындар саны – 2898 адам, оның ішінде өзін-өзі жұмыспен қамтығандар – 1628 адам, жұмыссыздар саны 150, оның ішінде жұмыспен қамту органдарына тіркелгендері – 79 адам, жұмыссыздық деңгейі – 4,9%, жастар жұмыссыздығы – 3,3%, әйелдер жұмыссыздығы – 3,1%.

2019 жылы 1 шілдесіне округ бойынша жаңа форматтағы атауды әлеуметтік көмек табысы кедейшілік деңгейінен төмен 131 отбасына тағайындалып, 42,8 млн. теңге төленді.

Округ бойынша 112 мүмкіндігі шектеулі азамат пен 459 зейнеткер бар.

Үйден білім алатын мүмкіндігі шектеулі 9 балаға 228 755 теңгеге әлеуметтік көмек көрсетілді.

## **Қоғамдық қауіпсіздік**

Лесновка ауылының мәдениет үйі ғимаратында орналасқан учаскелік полиция пункті жұмыс жасайды. 2021 жылы Лесновка ауылында қызметтік тұрғын үйімен біріккен учаскелік полиция пунктін салу жоспарлануда.

Өрт сөндіру қызметінің бөлімшесі жоқ, округ орталығы аудан орталығынан 16 шақырым қашықтықта орналасқан.

Қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны жоқ.

## **2.2 Өзекті мәселелер**

Талды ауылдық округі бойынша өзекті мәселелердің қысқаша сипаттамасы:

- Еңбекші ауылында 10 шақырымдық сумен қамтамасыз ету жүйесін салу, су жинау мұнарасына күрделі жөндеу жүргізу, су алу құдығын қазу қажет;
- Жерұйық, Лесновка және Еңбекші ауылдарында ауылішілік жолдарына орта жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет;
- мектеп пен дәрігерлік амбулаторияларға апаратын Еңбекші ауылының Е.Сыпатаев көшесін және Жерұйық ауылының Б.Момышұлы көшесін көше жарығымен қамтамасыз ету қажет;



- Лесновка және Еңбекші ауылдарының жаңадан салынған үйлерін жарықпен қамтамасыз ету қажет;
- Жерұйық (Нағарашы) ауылының мәдениет үйіне күрделі жөндеу жүргізу;
- ауылдар тазалығын қамтамасыз ету, заңсыз төгілген қоқыстарды жою;
- табысы кедейшілік деңгейінен төмен жанұялар санын азайту.

### III. ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТЫ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ІС-ШАРАЛАРЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

| №  | Іс-шара атауы   | Аяқталу формасы            | Қаржыландыру көлемі (мың теңге) | Қаржыландыру көзі | Іске асыру уақыты |
|--|---|----------------------------|---------------------------------|-------------------|-------------------|
| 1  | 2   | 3                          | 4                               | 5                 | 6                 |
| <b>I. БІЛІМ БЕРУ</b>                                       |   |                            |                                 |                   |                   |
| 1.1  | Нағарашы орта мектебі ғимаратына күрделі жөндеу жүргізу (Жерұйық ауылы) | Қабылдау актісі            | 400 000                         | Жергілікті бюджет | 2020 ж.           |
| 1.2  | Жерұйық ауылында 50 орындық балабақша салу                              | Қабылдау актісі            | 40 000                          | Жеке қаржы        | 2021 ж.           |
| <b>II. ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ</b> |   |                            |                                 |                   |                   |
| <b>III. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ</b>                               |   |                            |                                 |                   |                   |
| <b>IV. ТҮРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ</b>                |   |                            |                                 |                   |                   |
| 4.1  | Лесновка ауылы Пашенко көпесіне көше жарығын орнату (3,5 шақырым)       | Қабылдау актісі            | 35 679                          | Жергілікті бюджет | 2020 ж.           |
| <b>V. МӘДЕНИЕТ, СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ</b>                      |   |                            |                                 |                   |                   |
| 5.1  | Лесновка ауылында сахнаны ағымдық жөндеу                                | Орындалған жұмыстар актісі | 4 889                           | Жергілікті бюджет | 2019 ж.           |
| 5.2  | Жерұйық (Нағарашы) ауылының мәдениет үйін күрделі жөндеуден өткізу      | Қабылдау актісі            | 150 000                         | Жергілікті бюджет | 2020 ж.           |



|     |  |                 |        |            |         |
|-----|--|-----------------|--------|------------|---------|
| 5.3 | Өсек өзені бойынан туристік объекті салу | Қабылдау актісі | 30 000 | Жеке қаржы | 2021 ж. |
|-----|--|-----------------|--------|------------|---------|

#### VI. КӨЛІК ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС

|     |  |                 |        |                   |         |
|-----|--|-----------------|--------|-------------------|---------|
| 6.1 | Лесновка ауылының А.Қасымбеков көшесін ағымдық жөндеуден өткізу                      | Қабылдау актісі | 2 906  | Жергілікті бюджет | 2019 ж. |
| 6.2 | Жерұйық ауылының Б.Момышұлы көшесін орташа жөндеуден өткізу (ұзындығы 2,6 шақырым)   | Қабылдау актісі | 33 800 | Жергілікті бюджет | 2020 ж. |
| 6.3 | Лесновка ауылының Ж.Алпысбаев көшесін орташа жөндеуден өткізу (ұзындығы 1,8 шақырым) | Қабылдау актісі | 23 400 | Жергілікті бюджет | 2020 ж. |
| 6.4 | Еңбекші ауылының Ш.Уәлиханов көшесін орташа жөндеуден өткізу (ұзындығы 1,4 шақырым)  | Қабылдау актісі | 18 200 | Жергілікті бюджет | 2020 ж. |

#### VII. БАСҚАЛАРЫ

|     |  |         |        |            |         |
|-----|--|---------|--------|------------|---------|
| 7.1 | Лесновка ауылы «Аманбаев А» ШҚ 100 басқа арналған мал бордақылау алаңын салу   | Ақпарат | 12 418 | Жеке қаржы | 2019 ж. |
| 7.2 | Лесновка ауылы «Нурахметов Д» ШҚ 100 басқа арналған мал бордақылау алаңын салу | Ақпарат | 13 000 | Жеке қаржы | 2019 ж. |
| 7.3 | Лесновка ауылында дүкен салу   | Ақпарат | 15 000 | Жеке қаржы | 2020 ж. |
| 7.4 | Жерұйық ауылындағы кірпіш  | Ақпарат | 13 000 | Жеке қаржы | 2021 ж. |



|  |                                    |  |  |  |  |
|--|------------------------------------|--|--|--|--|
|  | шығаратын цехты<br>қайта жабдықтау |  |  |  |  |
|--|------------------------------------|--|--|--|--|

*[Handwritten signature]*

*[Faint, illegible text, possibly bleed-through from the reverse side of the page]*